«8D03107 – Психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін іздену үшін ұсынылған Лимашева Ляззат Алимбековнаның «Ұялы байланысты шамадан тыс пайдалану жағдайында студенттердің стресс деңгейі мен резильенттілігін зерттеу» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді күрсивпен көрсету)
1	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Лимашева Ляззат Алимбековнаның ««8D03107 – Психология»» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Ұялы байланысты шамадан тыс пайдалану жағдайында студенттердің стресс деңгейі мен резильенттілігін зерттеу» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы ғылымның жаңа даму бағыттарына сәйкес келеді.
		1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету): 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	Зерттеу жұмысы төмендегідей мемлекеттік бағдарламалар мен стратегия талаптарына сәйкес келеді: 1. Диссертация тақырыбы ғылымның даму бағыттарына және мемлекеттік бағдарламаларға толық сәйкес келеді. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2025 жылғы 08 қыркүйектегі «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауында: «Экономиканы жан-жақты цифрлық жаңғырту жұмыстары адам капиталын дамытуға қатысты жаңа міндеттер жүктейді. Бұл жерде білім беру саласы айрықша рөл атқарады. Сондықтан мен алдымызға өте маңызды стратегиялық мақсат қойдым. Қазақстан үш жыл ішінде міндетті түрде жаппай цифрлық ел болуы керек» деген құнды пікірлері цифрлық трансформация ел дамуының негізгі бағыты ретінде жарияланып, білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік салаға жасанды интеллект пен технологияларды енгізуге

			басымдылық берілді. Зерттеудің өзектілігі, болжамдары, теориялық және практикалық маңыздылығы толыққанды көрсетілген
2	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға **елеулі үлесін қосады**/қоспайды, ал оның маңыздылығы **ашылған**/ашылмаған.	Зерттеу жұмысы қазіргі таңдағы психология ғылымына өзіндік үлес қосады. Қазақстанда алғаш рет студенттердің ұялы телефонды шамадан тыс пайдалануын **мақсатты психодиагностикалық құралдармен** зерттеу жүзеге асырылды. Ұялы телефонды шамадан тыс пайдалану мен созылмалы стресс арасындағы **латентті факторлық байланыстар** алғаш рет сипатталды. Резильенттіліктің алдын алу рөлінің шектеулі екендігі анықталып, **жаңа қорғаныс факторларын іздеу қажеттілігі** ғылыми негізделді. Авторлық сауалнама арқылы тәуекел тобын анықтаудың **жаңа әдістемелік негізі** ұсынылды. Сол себепті, зерттеу жұмысы нәтижелерінің ғылым үшін маңыздылығы өте жоғары.
3	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) **жоғары**; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Зерттеу мазмұны құрылымдық жағынан жүйелі және логикалық реттілікпен баяндалған. Жұмыста ғылыми стиль мен терминологияны қолдану талаптары толықтай сақталған. Теориялық негіздеме мен эмпирикалық талдаулар өзара үйлесім тапқан. Пайдаланылған әдебиеттер мен дереккөздер дұрыс рәсімделіп, ғылыми әдеп нормаларына сәйкес келтірілген. Жасалған қорытындылар нақты дәлелдермен негізделіп, ғылыми тұрғыдан сенімділігі жоғары деңгейде қамтамасыз етілген. Диссертация мазмұнында, идеясында авторы мен дереккөзін көрсетпей бөтен материалдарды пайдаланудың анықталмауы Лимашева Ляззат Алимбековнаның диссертацияны өзі жазу деңгейінің жоғары екенін дәлелдейді.
4	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) **негізделген**;	Диссертация өзектілігі негізделген. Бұл зерттеудің өзектілігі келесі бағыттармен айқындалады: жаңа тәуелді мінез-құлық түрі, созылмалы стресс пен резильенттіліктің

		2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	қайшылығы, цифрландырылған білім беру ортасы, ережелер мен практика арасындағы алшақтық, әлеуметтік-психологиялық қолдау қажеттілігі. Жоғары оқу орындарында студенттердің ұялы телефонды шамадан тыс пайдалануын психологиялық тұрғыда кешенді зерттеу қажеттілігінде, себебі ол жастардың денсаулығын сақтау, оқу тиімділігін арттыру және қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыру үшін маңызды.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) **айқындайды**; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Диссертация мазмұны «Ұялы байланысты шамадан тыс пайдалану жағдайында студенттердің стресс деңгейі мен резильенттілігін зерттеу» атты зерттеу тақырыбын айқындайды. Бөлімдер бойынша ұсынылған тұжырымдар зерттеушінің ғылыми–зерттеу жұмыстарының нәтижелері негізінде жасалған және толық өзара байланыста, ішкі бірлікте берілген. Зерттеудің қорытындылары ғылыми тұрғыда нақты материалдармен дәлелді көрсетілген.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) **сәйкес келеді**; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына толықтай сәйкес келеді. **Зерттеудің мақсаты** – ұялы телефонды шамадан тыс қолдануға бейім келетін тәуекел топ студенттеріне арналған диагностиканы жасау үшін созылмалы стресс, резильенттілік және ұялы байланысты шамадан тыс пайдалану арасындағы өзара байланыстың сипатын табу. Диссертацияда қойылған **міндеттер** студенттік жаста ұялы телефонды шамадан тыс пайдалану факторларын және оның психикалық денсаулыққа әсерін қарастыру; созылмалы стресс пен резильенттілікті тәуекел және қорғаныс факторлары ретінде сипаттау; студенттердегі стресс, резильенттілік және ұялы байланысты шамадан тыс пайдалану арасындағы өзара байланыстарды анықтау; тәуекел тобын анықтаудың теориялық-әдіснамалық негіздерін әзірлеу және ЖОО-да ұялы телефонды пайдалану регламентін енгізудің қажеттілігін дәлелдеу. Зерттеудің мақсатына жету

			міндеттерді диссертацияның мазмұнында орындау арқылы қамтамасыз етіледі.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:	Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан. Лимашева Ляззат Алимбековнаның диссертациялық жұмысының барлық бөлімдері мен жалпы құрылымында логикалық байланыс сақталып, зерттеу жұмысының қойылған мақсаттары пен міндеттерін шешуге бағытталған. Зерттеу жұмысының бірінші бөлімінде ұялы байланысты шамадан тыс қолдану жағдайында студенттердегі резильенттілік пен стрессті зерттеу мәселелерінің теориялық негіздемелері және өзектілігі қарастырылып, денсаулық психологиясының ұғымдары ретінде стресс және резильенттілігі, «стресс» ұғымы, оның физикалық және психикалық денсаулыққа әсері, жоғары оқу орнында білім алу кезінде студенттердің созылмалы стрессі – психикалық денсаулықты сақтаудың негізгі қатер факторлары талданған. Зерттеу жұмысының екінші бөлімінде ұялы байланысты шамадан тыс қолдану жағдайында студенттердің стрессін және резильенттілігін эмпирикалық зерттеуді ұйымдастыру қарастырылған, ал үшінші бөлімінде эмпирикалық зерттеу нәтижелерін психологиялық талдау мен талқылау жүзеге асырылған.
		1) **толық байланысқан**;	
		2) ішінара байланысқан;	
		3) байланыс жоқ.	
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:	Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: Автор ұсынған жаңа қағидаттар мен әдістер ғылыми тұрғыда дәлелденіп, халықаралық деңгейде қолданылатын бұрынғы әдістермен салыстырылып бағаланған. Бұл зерттеудің жаңалығы мен практикалық маңызын күшейтеді. **Жаңа шешімдер:** Қазақстанда алғаш рет студенттердің ұялы телефонды шамадан тыс пайдалануын кешенді психодиагностикалық
		1) **сыни талдау бар**;	
		2) талдау ішінара жүргізілген;	
		3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;	
		4) талдау жоқ.	

			құралдармен зерттеу. Тәуекел тобын анықтауға арналған **авторлық сауалнама** әзірлеу және оның критерийлерін негіздеу. Созылмалы стресс пен резильенттіліктің ұялы телефонды шамадан тыс пайдалану бейімділігімен байланысын сипаттайтын **14 латентті факторлық құрылым** анықтау. **Дәлелденуі:** Эмпирикалық зерттеу нәтижелері арқылы жаңа әдістердің сенімділігі мен валидтілігі көрсетілді. Резильенттіліктің алдын алу рөлінің мәнді еместігі дәлелденіп, басқа протективті факторларды іздеудің қажеттілігі негізделді. **Салыстырмалы бағалау:** TMD brief және MPPUS-27 сияқты халықаралық шкалалар орыс тіліне аударылып, қолданылды, бұл нәтижелерді басқа елдердегі зерттеулермен салыстыруға мүмкіндік берді. Авторлық әдістемелер бұрыннан белгілі тестілермен салыстырылып, олардың артықшылықтары мен толықтырушы рөлі көрсетілді.
5	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) **толығымен жаңа;** 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Зерттеу нәтижелері мен ережелері жаңа, себебі олар Қазақстандағы ғылыми айналымға алғаш рет енгізіліп отыр және халықаралық зерттеулермен салыстыруға мүмкіндік береді. Қазақстанда алғаш рет студенттердің ұялы телефонды шамадан тыс пайдалану жағдайында созылмалы стресс пен резильенттілік кешенді түрде зерттелді. Бұрын қолданылмаған TMD brief және MPPUS-27 шкалалары орыс тіліне аударылып, бейімделіп жүргізілді, ал қазақ тіліне бейімдеу болашақта жүзеге асырылмақ. Бұл халықаралық салыстыруға мүмкіндік беретін жаңа қадам. Студенттердің шамадан тыс пайдалану бейімділігін сипаттайтын 14 латентті факторлық құрылым алғаш рет анықталды. Резильенттіліктің алдын алу рөлінің мәнді еместігі дәлелденіп, басқа протективті факторларды іздеудің

			қажеттілігі көрсетілді – бұл бұрынғы зерттеулерде нақты ашылмаған жаңа тұжырым. Авторлық сұхбатсауалнама әзірленіп, тәуекел тобын анықтаудың жаңа әдістемелік негізі ұсынылды.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?	Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа болып табылады. Ғылыми еңбектің зерттеу барысындағы алынған нәтижелері мен тұжырымдамалары толығымен жаңа болып саналады. Зерттеудің ғылыми жаңалығы – студенттік жаста ұялы телефонды шамадан тыс пайдалану жағдайында созылмалы стресс пен резильенттіліктің өзара байланысын алғаш рет кешенді түрде анықтап, тәуекел тобын айқындаудың жаңа теориялық-әдіснамалық және эмпирикалық негіздерін әзірлеу.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?	Ұялы байланысты шамадан тыс пайдалану жағдайында студенттердің стресс деңгейі мен резильенттілігін зерттеу» атты диссератциялық жұмыста қойылған мақсат-міндеттер тікелей және астарлы сипатта жаңаша шешіммен байланыстырып жүзеге асырылған. Заманауи психологиялық зерттеулер техникалық, технологиялық, экономикалық және басқару шешімдерін енгізуді қажет етеді. Осыған байланысты диссертациялық жұмыста ұялы байланысты пайдалану кезіндегі туындайтын стресс пен резильенттілікті зерттеу алға қойылған. Сондықтан диссертант жұмыстың тақырып өрісінде теориялық зерделеу арқылы жан -жақты талдаулар жасауы, экспериментті өткізуі және алынған нәтижелерді мазмұнды талдауы мен ұсынатын ұсыныстары толығымен жаңа мәліметтер болып табылады. Зерттеу жұмысы толығымен жаңа техникалық, технологиялық, экономикалық және басқару шешімдерін ықпалдастыра алған және диссертация мазмұнында ол толық негізделген.
		1) **толығымен жаңа;**	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
6	Негізгі қорытындылардың	Барлық негізгі қорытындылар	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан негізделген

	негізділігі	ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды **дәлелдемелерде негізделген**/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	дәлелдемелермен (сандық талдау арқылы) көрсетілген. SPSS 23.0 нұсқасындағы статистикалық бағдарламалар пакеті қолданылды. Зерттеу деректеріне суреттеуші статистика әдістері қолданылып, мәліметтерді статистикалық талдау үшін келесі процедуралар жүргізілді: мәліметтердің нормалды бөлуге сәйкестігі тексерілді, екі тәуелсіз таңдауды салыстыру үшін Манн–Уитнидің параметрлік емес U критерийі қолданылды. Спирмен әдісі бойынша корреляциялық талдау және Кайзер бойынша нормализацияланған басты компоненттер әдісі арқылы факторлық талдау жүргізілді.
7	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) **дәлелденді;** 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) иә; 2) **жоқ;** 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) **иә;** 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.	7.1 Диссертация жұмысында зерттеуші айқындаған әр қағидат жеткілікті деңгейде дәлелденген. 7.2 Жоқ. Қағидат тривиалды емес, өйткені қағидаттың ғылыми жаңалығы дәлелденген. 7.3 Барынша жаңа. Автордың зерттеулеріне қатысты ұсынған қағидаттары Қазақстанда жүргізілген алғашқы зерттеулердің нәтижелеріне негізделген. 7.4 Қолдану деңгейі кең. Диссертациялық зерттеудің нәтижелерін студенттердің ұялы телефонды шамадан тыс пайдалануын реттейтін регламенттерді әзірлеу және оқу процесінде енгізу, тәуекел тобындағы студенттерді ерте кезеңде анықтау үшін авторлық сауалнаманы қолдану, жаңа эмпирикалық деректерді тұлға психологиясы, денсаулық психологиясы және тәуелді мінез-құлық психологиясы саласында пайдалану, студенттердің созылмалы стрессін төмендету және қорғаныс факторларын күшейтуге бағытталған профилактикалық шараларды әзірлеу. Диссертацияның мазмұнындағы теориялық тұжырымдамаларды білім беру процесін жетілдіру, психологиялық қолдау жүйесін дамыту және халықаралық ғылыми тәжірибеге интеграциялауда

		7.4 Қолдану деңгейі:	қолдануға болады. 7.5 Диссертацияда көрсетілген зерттеу нәтижелері, қағидаттары талапқа сәйкес ғылыми жарияланымдарда дәлелденген.
		1) тар;	
		2) орташа;	
		3) **кең**	
		4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.	
		7.5 Мақалада дәлелденген бе?	
		1) **иә;**	
		2) жоқ	
		3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	
8	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	8.1 Ия. Әдістеменің таңдауы негізделген және әдіснама нақты жазылған, бұл зерттеу нәтижелерінің сенімділігі мен дәйектілігін қамтамасыз етеді. Негізделуі Зерттеу мақсатына сәйкес психодиагностикалық құралдар кешені таңдалған: созылмалы стресс (LKCS), резильенттілік (RS-25), ұялы телефонды шамадан тыс пайдалану (TMD brief, PUMP, MPPUS-27), тұлғалық ерекшеліктер (Big Five), жалғыздық (UCLA Loneliness Scale). Әрбір әдістеменің валидизациясы көрсетілген және қазақ/орыс тілдеріне бейімделген нұсқалары қолданылған. Әдістердің таңдалуы зерттеу объектісінің (студенттер) психологиялық ерекшеліктерін кешенді қамтуға бағытталған. Әр тесттің авторлары, бейімдеушілері және диагностикалайтын көрсеткіштері толық сипатталған.
		1) **иә;**	
		2) жоқ.	

		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	8.2 Иә. Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері (мысалы, SPSS 23.0, Манн–Уитни U-критерийі, Спирмен корреляциясы, факторлық талдау) мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін тиімді қолданғаны байқалады.
		1) **иә;**	
		2) жоқ.	
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	8.3 Иә. Теориялық қорытындылар, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эмпирикалық зерттеулермен дәлелденген және расталған: Диссертацияда ұсынылған теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар мен заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденіп, расталған. Нақты дәлелдер: эмпирикалық база – студенттерге кешенді психодиагностикалық тесттер мен сауалнамалар жүргізілді. Теория мен практика сәйкестігі – алынған нәтижелер бұрынғы халықаралық зерттеулермен салыстырылып, олардың негізділігі мен жаңалығы расталды.
		1) **иә;**	
		2) жоқ.	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.	Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми зерттеулерге сілтемелермен расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға **жеткілікті**/жеткіліксіз.	8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. Автор 262 әдебиетті қолданған.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:	Диссертацияның теориялық маңызын жоғары деп бағалаймын. Диссертацияның теориялық маңызы – студенттердің ұялы телефонды шамадан тыс пайдалануын созылмалы стресс пен резильенттілікпен өзара байланыста
		1) **бар;**	
		2) жоқ.	

			кешенді түсіндіретін жаңа факторлық модельдер мен әдіснамалық негіздерді қалыптастыру жүзеге асырылды. J. Billieux теориясына және А.Антоновскийдің моделіне сүйене келе, созылмалы стресс-стрессорлар жүйесі, резильенттілік - жалпы қарсылық ресурстары, шамадан тыс телефонды пайдалану-салютогендік баланстың бұзылуының мінездік көрінісі болып табылатынын ескере ұялы телефонды шамадан тыс қолдану жағдайында студенттердің протективті (резильенттілік) және патогендік (созылмалы стресс) факторларын негізге ала отырып теориялық модель жасалған
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:	9.2 Иә. Диссертацияның практикалық маңызы – студенттердің денсаулығын сақтау, оқу тиімділігін арттыру және тәуелді мінез-құлықтың алдын алу үшін нақты қолдануға болатын әдістемелік және диагностикалық құралдар ұсынуында.
		1) **иә;**	
		2) жоқ.	
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?	Диссертацияда Алғаш рет Қазақстанда студенттердің ұялы телефонды шамадан тыс пайдалануын реттеуге арналған нақты регламент енгізу қажеттілігі негізделді. Авторлық сауалнама жасалып, тәуекел тобындағы студенттерді анықтаудың жаңа әдістемелік құралы ұсынылды. Ұялы телефонды шамадан тыс пайдалану жағдайында созылмалы стресс пен резильенттіліктің өзара байланысына негізделген профилактикалық шаралар әзірленді. Практикалық ұсыныстар студенттердің денсаулығын сақтау, оқу тиімділігін арттыру және қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыруға бағытталған. Практикалық ұсыныстар жаңа, себебі олар бұрынғы зерттеулерде қарастырылмаған әдістемелік құралдар мен регламенттерді ұсынады және білім беру процесінде нақты қолдануға мүмкіндік береді.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа):	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
10	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы:	Академиялық жазу сапасы жоғары. Диссертация

		1) **жоғары**; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	академиялық жазылым типіне жатады. Диссертацияны жазу барысында ізденуші академиялық жазылым талаптарын сақтаған. Еңбек ғылыми тілде жазылған. ойларында қайталанулар жоқ.
11	Диссертацияға ескертулер	Диссертациялық зерттеу жұмысы жоғары деңгейде орындалған. Диссертацияның мазмұны. жалпы нәтижелері қойылатын талаптарға сәйкес. Дегенмен. келесі ескертпелерді атап өтуді жөн санаймын: 1. Сіздің жұмысыңызда Аарон Антоновскийдің салютогенез концепциясы теориялық негіз ретінде қарастырылған. оның концепциясы денсаулық сақтау мен стресті басқару мәселесіне арналғанын білеміз. зерттеу барысында диссертант бұл концепцияны студенттердің ұялы телефонды шамадан тыс пайдалануына қатысты талдайды. зерттеу нәтижелері студенттердің денсаулығын сақтау және стресс деңгейін басқаруға қатысты жалпылама түрде ғана көрсетілген. соны нақты толық ашып көрсеткенде жұмыстың құндылығы арта түсер еді. 2. Зерттеуде арнайы *Welltory* мобильді қосымша бағдарламасының көмегімен студенттердің тек шағын тобында ғана стресті физиологиялық тұрғыдан өлшедіңіз. дегенмен де болашақ зерттеулерде стресс деңгейінің өзгеруіне қатысты нақты нәтижелерді алу үшін үлкен көлемді таңдау көлемін (сыналушылар) алып зерттегенде нәтижелердің дәлдігі арта түсер еді. 3. Жұмыста сіз сонымен қатар студенттерде ұйқының бұзылуы көбінесе ұялы телефонды шамадан тыс пайдаланудың салдары екенін атап өткенсіз. Мүмкін. зерттеудің практикалық маңыздылығын арттыру үшін студенттерге ұйқы алдында ұялы телефонды шамадан тыс пайдаланудың алдын алуға бағытталған релаксациялық техникалар жөнінде ұсыныстар әзірлеу орынды болар еді. 4.Зерттеудің негізгі ұғымы ұялы телефонды шамадан тыс пайдалану түсінгі болып табылады. алайда жұмыстың теориялық бөлімінде көптеген авторлар ұялы телефоннан тәуелділік түсінігін қарастырған. осыған байланысты бұл екі түсініктің айырмашылықтары өте аз айтылады. сол туралы толығырақ түсіндірсеңіз. Дегенмен. бұл айтылған ескертулер диссертациялық жұмыстың ғылыми теориялық және практикалық құндылығын. алынған ғылыми тұжырымдар мен нәтижелердің мәнін төмендетпейді.	

12	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)	Зерттеу нәтижелері бойынша 15 ғылыми мақала жарияланған. Оның ішінде 1 мақала Скопус (Scopus) мәліметтер базасында, 3 мақала – ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы Бақылау комитеті бекіткен тізімге енетін журналдарда, 11 мақала – халықаралық конференцияларда, жарияланған.
13	Ресми рецензенттің шешімі (осы ереженің 5.12 тармағына сәйкес)	Диссертация Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің бекіткен Үлгі ережесінің 28-тармағы талаптарына толықтай сәйкес философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру. «8D03107- Психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Лимашева Ляззат Алимбековнаның «Ұялы байланысты шамадан тыс пайдалану жағдайында студенттердің стресс деңгейі мен резильенттілігін зерттеу» тақырыбындағы диссертациялық жұмыс жан-жақты зерттеліп, аяқталған жұмыс болғандықтан Лимашева Ляззат Алимбековна философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.

Ресми рецензент:

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің психология кафедрасының профессоры м.а., психология ғылымдарының кандидаты **А. С. Мамбеталина**

Қолын куәландырамын
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАДР ҚЫЗМЕТІ
«___» _____ 20___ г.